| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | ***Сөйлеуді дамыту*** ***"Көзі қорқақ қоян"*** ***Мақсаты:***Балаларды «Қорқақ қоян» ертегісімен таныстыру; ертегідегі жабайы аңдардың бойындағы адамға ұқсас қасиеттерінің ерекшеліктерін көрсету; оқылған мәтінде кездесетін нақыл сөздерді есте сақтауға шақыру; бір-бірінің достық қарым-қатынасты нығайту. Балаларға жануарлар туралы ертегілерге сүйспеншілікке, ұғымталдыққа, адамның жақсы қасиеттеріне, тапқырлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. *Сөздік жұмыс* Белсенді сөздік қорға: қорқақ, батыл, тапқыр сөздерін қосу. Ертегі | ***Музыка*** Педагог жоспары бойынша ***Көркем әдебиет*** ***"Аппақ қар"*** ***Мақсаты:*** Балаларды «Аппақ қар» өлеңінің мазмұнымен таныстыру, табиғаттың сұлулығын бейнелейтін сөздерді мұқият еске сақтауды үйрету; аппақ қардың қасиеттері мен ерекшеліктеріне көңіл аударып, оның пайдасын білу және бағалай білуге дағдыландыру; қардың пайдасы жөнінде түсініктерін кеңейту. «Аппақ қар» өлеңінің мазмұны арқылы балалардың зейіні мен тілін, еске сақтау қабілеті мен шығармашылығын дамыту. Балалардың «Аппақ қар» өлеңіне қызығушылығын тудыру; әдептілікке және достық | ***Сурет салу*** ***"Сары шымшық"*** **Мақсаты:**Балаларға қылқаламмен сары шымшық бейнесін салуды үйрету; құсты салу барысында басы, денесі, қанаты, құйрығы сияқты дене бөлшектерін үйлесімділікте салу техникасына машықтау; тиянақтылыққа тәрбиелеу. **Сөздік жұмыс** Балалардың белсенді сөздік қорына «сары шымшық», «қыстың суығына төзімді» сөздерін енгізу. **Әдіс-тәсілдер** Бейнежазба бойынша кіріспе әңгімелесу, суретті қарау, көркем сөз, жеке жұмыс, нұсқау беру, дамытушы жаттығу, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, рефлексия. **Жапсыру** "***Абзал жан дәрігер "*** ***Мақсаты:*** Балаларды дәрігер қимаүлгісінің басының үстіне тіктөртбұрышты көлденең | ***Музыка*** Педагог жоспары бойынша ***Математика негіздері*** ***"Түрлі пішінді балықтар"*** **Мақсат:**Балаларға салыстыру эквиваленті туралы түсінік беру; бірыңғай және әркелкі ретпен жатқан заттар топтарының теңдігі туралы білім беру; «саны қанша, сонша», «бірдей», «саны тең» және заттардың кеңістікте «алыс», «жақын» орналасу ұғымдарын пысықтау; қоршаған әлемнің тірі объектілері, аквариум балықтары, туралы түсініктер аясын кеңейту. алыс және жақын орналасқан объектілердің орналасу қалпын танып, сөзбен айтуға жаттықтыру; зейін, қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау, еске сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың балықтар әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру; шыдамдылыққа, тиянақтылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. | ***Қазақ тілі*** Педагог жоспары бойынша ***Қоршаған ортамен танысу*** "Құстарға жем" **Мақсаты:**Балалардың қ ыстайтын құстардың тіршілік етуі туралы түсініктерін кеңейту; құстардың қысқы тіршілігімен таныстыра отырып, қыстайтын құстардың қыс кезіндегі ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; қыста өлкеде тіршілік ететін құстарды жатқа білуге үйрету; қыстайтын құстардың қысқы тіршілігі туралы ұғым беру. Балалардың оқу қызметінде құрдастарының жауаптарын тыңдай білу мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелерін сақтау, қыстап қалатын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мазмұнындағы: ытқып шықты, тастай болды, көз қорқақ сөздерін айтқызу.<br>*Әдіс-тәсілдер*<br>Сәлемдесу шеңбері, аудиожазбаны тыңдау, ертегі мазмұны бойынша әңгімелесу, мнемокестені құрастыру жаттығуы, жұптар айтысы сөздік жаттығуы, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>***Дене шынықтыру***<br>Педагог жоспары бойынша | қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу.<br>*Сөздік жұмыс*<br>«Қардың пайдасы», «ақ боз жеккен шана», «аппақ дүние», «аппақ нұрға малынады», сөз тіркестерін айтқызу арқылы балалардың тілін жетілдіру.<br>*Әдіс-тәсілдер*<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан қардың жауып тұрғаны туралы миға шабуыл, кері байланыс, өлең мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, дидактикалық ойын. | орналастырып, оны дәрігердің медициналық қалпағы деп қабылдай отырып, дәрігердің басы сұлбасының бетіне бет-әлпет белгілерінің қима үлгілерін жапсыруға, жолақ қағаздарды қиып, ортасынан бүктеп, шетін желіммен жапсырып, дәрігердің басы сұлбасының төменгі жағына қатар бойымен сол жақтан оңға қарай жапсыруға үйрету; балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Жапсыру іс-әрекетіне қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді "мамандық", "көзілдірік", "қайшы","шприц", "айқаспа белгісі" сөздері мен сөз тіркестері арқылы жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Көркем сөз, суретті көрсету, үлгіні зерттеу,дидактикалық ойын, дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. | *Сөздік жұмыс*<br>Жаттығуды орындау барысында: «сандары тең болды», «беттестірдім», «заттар әрқалай орналасса да, жалпы жиын саны өзгермейді», «алыс», «жақын» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілетін жетілдіру.<br><br>*Әдіс-тәсілдер*<br>Аудиожазбаны тыңдау, бейнероликті көрсету, көркемсөз, суретті көрсету, панно алдында зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, дамытушы жаттығу, кілем үстінде дамыту жаттығуы, оқу қызметін пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>***Дене шынықтыру*** Педагог жоспары бойынша | құстарға қамқорлық көрсете білуге, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>"Қыстайтын құстар", "Құстарға жем", "қарны аш", "жем", "жемсауыт" "шоқып жейді", "шырылдайды", "секіреді", "суық", "Жарайсың!", "Тамаша" сөздерін пайдалану.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Түсіндіру, баяндау, көркем сөз, логикалық тапсырма, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан қыстайтын құстардың тіршілігінен көрініс көрсету, пысықтау, "Қыста қандай құстар қыстайды?" дидактикалық ойыны.<br>***Дене шынықтыру***<br>**Педагог жоспары бойынша** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Жаяу борасынды бақылау.**<br>**Бақылау:** жансыз табиғаттағы қыстың белгілерімен танысу. | **Қар басуын бақылау.**<br>Қар түссе - күн жылынады<br>Бақылау: балаларға қардың түсуі жөнінде түсінік беру. Қыста күн | **Қардың тереңдігін бақылау.**<br>**Бақылау:** балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең | **Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау.**<br>**Байқау:** жылы күндері жауған қар жабысқақ болады, қар жабысқақ, аққала жасауға | **"Көшені бақылау".**<br>**Бақылау:** қалада көшелердің көптігін, олардың атауы әртүрлі екендігі және балабақша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қыстың суық күнінде жолда қар борасыны болады, ауада қатты жел көтеріліп, жолды ақ борасын басады.<br>**Қимылды ойын: «Қайсардың киімін ата». (дене шынықтыру)**<br>Қысқы киім атауын атай білуді бекіту, ойлау қабілеттерін дамытудабылға назар аудару .<br>**Еңбек. (еңбек дағдылары)**<br>«Төбешікке су құю». Судың қасиеті туралы білімдерін бекіту (аязды күндері ол қатып қалады). Тәрбиешіге көмектесуге үйрету; өз еңбегіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар:** ойын түрін анықтау арқылы өз бетімен жұмыс істеу қабілетін анықтау. | бұлттанса қар жауатына туралы айту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді жерді қымтайды.<br>**Қимылды ойын. «Қармен ойнау». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды ата білуге жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру.<br>**Еңбек. (еңбек дағдылары)**<br>Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Тыныш қуанышты жағдайды қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру; дербестілігін және бастамашылдығын көтермелеу. | екенін білуді ұсыну.<br>**Қимылды ойын: «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшаңдықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Еңбек. (еңбек дағдылары)**<br>Гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру.<br>Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу.<br>Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Өз құрдастарымен 2-3 рольден тұратын ойын ойнағанда, бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. | ыңғайлы болатынын балаларға түсіндіру, ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру.<br>**Қимылды ойын. «Бәйге». (дене шынықтыру)**<br>Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету.<br>**Еңбек.** Тәрбиешіге қардан жолды тазартуға көмектесуге тарту. **(еңбек дағдылары)**<br>Тәжірибе.<br>Қардың қасиеттері.<br>1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады.<br>2. Қарға су құйсаң, ол мұз болып қатады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады.<br>Қортынды.<br>Қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық. | қай көшеде орналасқандығы туралы түсінік беру.<br>Адамдардың еңбектерін сыйластықпен қарай білуге үйрету.<br>**Қимылды ойын. «Бірінші бол». (дене шынықтыру)**<br>Әртүрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіруге үйрету, ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. Ойын талаптарын орындауға үйрету.<br>**Еңбек.** Алаңдағы құралдарды қардан тазарту (сырғанайтын жер, алтыбақан және т.б..).<br>**(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар:** балаларға өз рольдерін біліп, 2-3 рольде кезекпен ойнап; бағыну басқару, теңдік-қарым-қатынас ретінде рольдік ойын ережесін білу. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (а үшін алғыс білдіру, тазалық сақтау).<br>Балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта түзу отырмаса, педагог оған орындықта дұрыс отыру керектігін айтады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Алдар көсе мен Шық бермес Шығайбай» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.<br>1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару.<br>2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсір<br>4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***Қауіпсіздік ережесі***<br>«Не артық?»<br>**Мақсаты:** Балаларды қауіп қатердің алдын алуға, өмірге қауіп төндіретін заттарды тануға, олардың денсаулығымызға, өмірімізге төндіретін қатерін түсіне білуге үйрету. | ***Үйірме "Ұлттық ойындар"***<br>*Педагог жоспары бойынша* | ***"Оқуға құштар балабақша"***<br>«Қазақ және әлем халықтарының ертегілері»<br>**Мақсаты:**алаларға қазақ және әлем халықтарының ең таудаулы ертегілерін айту. Адамзаттың асыл мұрасы болып табылатын ертегілердің оқырманға берер тәрбиелік әрі көркемдік эстетикалық мәнін түсіндіру | ***Эстафеталық ойындар***<br>**«Өрмекші мен шыбын»**<br>**Мақсаты:** балалардың қимыл-қозғалыс,бақылағыштығын дамыту. | ***Желілі рөлді ойын***<br>«Құрылысшы»<br>**Мақсаты:** құрылысшы мамандығымен танысу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Айзереге Театрды сахналау.**<br>«Күшік пен мысық» ертегісін сахналау. Балалармен бірге ертегі қойылымын қуыршақ театры арқылы ойнап көрсету және үй жануарларын қорғай білуге үйрету.<br>**(көркем әдебиет)** | **Айбүбіге Дидактикалық ойын.**<br>«Қайсысы қайда орналасқан?»<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау. Оң жақты және сол жақты ажырату.<br>**(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** | **Әмірханға "Көңілді қоянның суретін тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: тақтадағы көңілді қоянның суретіне қарай отырып, тез тауып беру іскерліктерін жетілдіру.<br>**(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | **Алиханға "Ненің құйрығы?"**<br>Мақсат-міндеттер. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет)** | **Арсланға Шешуін тап та, ата!**<br>Көрнекі құралдар.<br>Алуан түрлі суреттер: тышқан, мысық, шелек, шана, фланелеграф.<br>**(сөйлеуді дамыту, қаза тілі)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (а үшін алғыс білдіру, тазалық сақтау).<br>Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Дайын қасық, дәмді ас.<br>Еш нәрсені қалдырмас.<br>Балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта түзу отырмаса, педагог оған орындықта дұрыс отыру керектігін айтады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. | | | | |

| | |
|---|---|
| қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Әндерді қайталау, жаттау. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында аңдардың қысқы тіршілігі тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту» баяндама.<br>«Ата-аналарға тұмау жөнінде» денсаулық бұрышына кеңес (медбике) |

Тексерген:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Балдырған » бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып «Жұлдызша» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 23.01.2023-27.01.2023ж.

Педагогтің аты-жөні: Бейсенгаж С.Қ.; Байменова Ж.Ш.

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | ***Дүйсенбі 23.01.2023*** | ***Сейсенбі 24.01.2023*** | ***Сәрсенбі 25.01.2023*** | ***Бейсенбі 26.1.2023*** | ***Жұма 27.01.2023*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Пазл жинау ойыны.** Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасы мен қозғалыс координациясын дамыту, тапсырманы жан-жақты қырынан көру қабілетін жаттықтыру, логикаларын дамыту, табандылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **(танымдық-дағдылар)** | **"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: сөздік қорларын етістіктермен молайту, мағынасына сәйкес етістіктерді таңдау. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **"Не артық?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. **(танымдық дағдылар)** | **"Домино" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** | **"Не дөңгелек болады?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: ой-өрістерін, зеректікті, қиялдарын дамыту, білімдерін бекіту. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында.<br>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында<br>4. Бастапқы қалып: тізені бүгіп, өкшемен отыру, доп оң қолдарында.<br>**(дене шынықтыру, дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: өз сыртқы келбетін қадағалап, жолдастарының сыртқы келбетіндегі кемшіліктерді еске салып, оларға көмектесуге | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ниет білдіруді дағдыға айналдыру. Тігісте жыртылған киімді тігу қабілетін жетілдіру.<br>**Көркем сөз**<br>Асқа адалдық,<br>Басқа амандық берсін .**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Қыс" мезгілінің ерекшеліктері.**<br>Мақсат-міндеттері. "Қыс" мезгілінің суретіне қарап әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу).** | **Шаттық шеңбері**<br>Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға<br>Ертемен ақ пейілмен<br>Ертемен ақ пейілмен<br>"Қайырлы таң!"- деймін мен.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Мнемокесте бойынша отбасы туралы өлеңдер жаттау.**<br>Мақсат-міндеттер: зейін, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Үстел-үсті ойыны: "Керекті киімді табыңыз"**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге, зейін, есте сақтау және логикалық ойлауға тәрбиелеу.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес дене шынықтыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | ***Сөйлеуді дамыту***<br>***"Ауыл мен қала туралы әңгімелеу"***<br>***Мақсаты:***Балаларды үнді дауыссыз [л] дыбысымен таныстыру; сөздердің құрамында дыбыстың болуын түсіндіру; «ауыл» мен «қала» түсініктерін тиянақтау; адамның қала мен ауылдағы тіршілігі туралы білімдерін пысықтау. Балаларға дауыссыз [л] дыбысын буында, сөздердің құрамында айтуды жаттықтыру; дыбысты құлақпен естіп, сөздердің құрамында орнын тауып, дұрыс атауды үйрету тәртібін жалғастыру, суреттер | ***Музыка***<br>Педагог жоспары бойынша<br>***Көркем әдебиет***<br>***"Апандағы аю"***<br>***Мақсаты:***Балаларды «Апандағы аю» суретінің мазмұнымен таныстыру; суретті, қысқа мәтінді бар ықыласымен мұқият тыңдауды үйрету; шағын мазмұнды суретті әңгімелеп беруге дағдыландыру; аюдың апаны туралы ақпарат бере отырып, оның | ***Сурет салу***<br>"Аквариум балықтары"<br>**Мақсаты.**Балаларға үлкен және кішкентай балықтардың бейнелерін, дөңгелек пен сопақша, үшбұрыш пішінді трафареттерді бастырып салу техникасына үйрету; балықтардың бейнелерін қағаз бетіне өзара үйлесімді орналастыруға машықтау;<br>**Сөздік жұмыс**<br>Балалардың белсенді сөздік қорына «жүзбеқанат», «қабыршықтар», «желкен», «бадырайды» сөздерін енгізу. | ***Музыка***<br>Педагог жоспары бойынша<br>***Математика негіздері***<br>***"Аспаздың кесу тақталары"***<br>***Мақсаты:***<br>Балалардың ұғымында реттік сан есім туралы түсінікті қалыптастыру; геометриялық пішіндердің қасиеттері туралы білімдерін толықтыру; эквивалентті заттар туралы ұғым беру; бес саны көлемінде тура және кері санау туралы | ***Қазақ тілі***<br>Педагог жоспары бойынша<br>***Қоршаған ортамен танысу***<br>" Террариумдағы тасбақа"<br>**Мақсаты:**Балаларда тасбақаның тіршілігі мен оған күтім жасау туралы білімдерін қалыптастыру; тасбақаның құрлықтағы әрекеттері жайлы түсініктерін (сыртқы түрі, үй жағдайындағы тіршілік ету ортасы, мекені, азығы) кеңейту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша сұрақтарға толық жауап беру қабілетін арттыру; фонематикалық есту қабілетін жетілдіру, зейін, ойлау, еске сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. Балалардың туған жеріне, табиғатына сүйіспеншілігін арттыру, адамның еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу; патриоттық сезімдердің негіздерін салу.<br>*Сөздік жұмыс*<br>Балалардың сөздік қорына: тұрғындар, зообақ, егін, балшық, шалшық, ауыл, қала сөздерін қосу. Ауасы таза, көшелері кең, тұрғындары көп, бақшалары бай сөз тіркестерін айтқызу арқылы сөйлеу қабілетттерін жетілдіру.<br>*Әдіс-тәсілдер*<br>Сәлемдесу шеңбері, аудиожазбаны тыңдау, кіріспе әңгімелесу, суретті көрсету, суреттер бойынша әңгімелесу, сергіту сәті, тыныс алу жаттығуы, кестелі сызба негізінде сөздік жаттығу, жаңылтпашты ритмика, артикуляциялық жаттығу, тірек суреттері негізінде зейінге дыбыстық жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br><br>***Дене шынықтыру***<br>Педагог жоспары бойынша | апанының басқа жануарлардың індерінен ерекшеліктерін ажыратуды үйрету; аңдардың қысқы тіршілігі туралы ұғымдарын кеңейту. ойлау қабілеті мен тілін, зейіні мен еске сақтау қабілетін дамыту; балаларды өзара достық қарым-қатынасқа, адамгершілік ережелеріне және жабайы жануарларды құрметтеу, аялау сезімдеріне тәрбиелеу.<br>*Сөздік жұмыс*<br>«Аңдардың қысқы тіршілігі», «Апандағы аю», «Жидек құмар, бал құмар», «Ағайын», «Өзіне жұмсақ төсеніш жасайды», «Алты ай ұйықтар батырды», «Үңгірі әсем шатыр» сөздері мен сөйлемдерін пайдалану.<br>*Әдіс-тәсілдер*<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан аюдың қысқы тіршілігі туралы бейнебаяны көрсету, сурет бойынша әңгіме құрастыру, көркемсөз, миға шабуыл, кері | **Әдіс-тәсілдер**<br>Босаңсу сәті, бейнежазбаны көрсету, көркем сөз, бойынша кіріспе әңгімелесу,оқу қызметін пысықтау, мақтау, рефлексия.<br>**Мүсіндеу**<br>***“Тиін жаңғақ кеміріп отыр”***<br>***Мақсаты:***<br>Балаларға Тиінді тұтас қызғылт сары түсті ермексаздан мүсіндеуге үйрету; ермексазды қырнауышпен тырнау іскерліктерін жетілдіру;<br>**Сөздік жұмыс**<br>Мүсіндеу іс-әрекетіне қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді «тиін», «мүсіндеймін», «саусақтарыммен есемін», «қырнауышпен тырнаймын»<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Шаттық шеңбері, жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.<br>***Құрастыру***<br>***“Мысығым менің”***<br>***Мақсаты:***Балаларға мақта табақшаларынан мысықты құрастыруға үйрету; қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай | түсініктерін кеңейту; қатардағы заттардың реттік санын атауға машықтау; тура және кері санау дағдыларын қалыптастыру; әртүрлі заттарды эквиваленттермен алмастырып қорытынды жасағанда заттардың түрлеріне емес, жиын санына көңіл аударуды үйрету; зейін, қолдың ұсақ моторикасын, еске сақтау, аналитикалық және логикалық ойлау қабілетін дамыту. Балаларда мамандық иелерінің еңбегін құрметтеу қабілетін қалыптастыру, ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>*Сөздік жұмыс*<br>Балалардың сөйлеу тілін: «пішіндерді беттестірдім», «сандары тең болды», «реттік саны», «бес, төрт, үш, екі, бір»; «заттар әртүрлі болса да, жалпы жиын саны өзгермейді» сияқты сөздер мен сөз тіркестері арқылы жетілдіру.<br>*Әдіс-тәсілдер*<br>Суретті көрсету, ғажайып сәт, дамытушы жаттығу, | үй жағдайында тасбақаға күтім жасау дағдыларын жетілдіру; адам және қоршаған орта туралы ұғым беру. Балалардың тасбақаның тіршілігі мен оған күтім жасауға және қамқор болуға деген қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде бір-біріне деген мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне және белсенділікке тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>"Мен және қоршаған орта", "тасбақа", "баяу жорғалайды", "карапакс", "пластрон", "көзі домалақ", "батпақ тасбақасы", "дала тасбақасы", "Жарайсың!", "Керемет" сөздерін пайдалану.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, жұмбақ, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан тасбақаның тіршілігінен көрініс көрсету, пысықтау, "Тасбақаны тап" дидактикалық ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | байланыс, сергіту сәті, сурет мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, «Аюдың апанын тап» дидактикалық ойыны. | алу іскерліктерін жетілдіру. қайшымен жұмыс істегенде қауіпсіздік техникасын сақтауды үйрету;<br>**Сөздік жұмыс**<br>Құрылысқа қатысты іс-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен<br>сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «мақта табақшасы», «ортасында», «сол жақ», «оң жақ» сөздері арқылы<br>жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын<br>көрсету, оқу қызметін пысықтау | панно алдында және үстел басында зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, оқу қызметін пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>***Дене шынықтыру***<br>Педагог жоспары бойынша | ***Дене шынықтыру***<br>**Педагог жоспары бойынша** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қар басуын бақылау.**<br>**Бақылау:** балаларға қар түсуі жөнінде түсінік беру.<br>Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы айту.<br>Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді, | **Ауа райын бақылау.**<br>**Бақылау:** балаларға жансыз табиғаттағы қыс мезгіліндегі өзгеріс туралы түсінік беру.<br>**Қимылды ойын: «Кегліні құлат». (дене шынықтыру)** | **Торғайларды бақылау.**<br>Мақсат-міндеттер: қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру; қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; | **Қар үстіндегі іздерді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың<br>ізін айырып, білуге | **Қар ұшқындарына бақылау жүргізу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жерді қымтайды.<br>**Қимылды ойын.** «Қармен ойнау». **(дене шынықтыру)**<br>Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды атуға жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру.<br>**Еңбек:** күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу.<br>**Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)**<br>Тыныш, қуанышты жағдайды қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру; дербестілігін және бастамашылдығын көтермелеу. | Кегліні құлата отырып, клюшканың көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра білуді бекіту. Белсенділікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек. (еңбек іс-әрекеті)**<br>Демалыс орнын қардан тазарту.<br>**Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету.** Еңбекті ынтамен істеуге тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру. | құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны. «Нысанаға тигіз». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: ұшып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу.<br>**Еңбек.** Топтың ойын ауласын қоқыстардан тазарту.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру. | үйрету.<br>Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою.<br>**Еңбек:** құстар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: қыстайтын құстарға, хайуанаттарға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын: «Ақ қоян». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ептілікке баулу. | таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Ортаға түспек». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: тез жүгіруге, секіруге, ептілікке үйрету.<br>**Еңбек:** қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: өз сыртқы келбетін қадағалап, жолдастарының сыртқы келбетіндегі кемшіліктерді еске салып, оларға көмектесуге ниет білдіруді дағдыға айналдыру. Тігісте жыртылған киімді тігу қабілетін жетілдіру.<br>**Көркем сөз**<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім".<br>Мақсат-міндеттері. Тыныш ұйқыға қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: өз сыртқы келбетін қадағалап, жолдастарының сыртқы келбетіндегі кемшіліктерді еске салып, оларға көмектесуге ниет білдіруді дағдыға айналдыру. Тігісте жыртылған киімді тігу қабілетін жетілдіру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)** | | | | |
| **Бесін ас** | Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім".<br>Мақсат-міндеттері. Тыныш ұйқыға қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***Қауіпсіздік ережесі***<br>"Табиғи апаттардың алдын алудың негізгі қағидалары"<br>**Мақсаты:**<br>Өрттің пайда болуын болдырмау үшін газ және электр аспаптарын пайдалану туралы түсіндіру. | ***Үйірме "Ұлттық ойындар"***<br>*Педагог жоспары бойынша* | ***"Оқуға құштар балабақша"***<br>«Қазақ және әлем халықтарының ертегілері»<br>**Мақсаты:**алаларға қазақ және әлем халықтарының ең таудаулы ертегілерін айту. Адамзаттың асыл мұрасы болып табылатын ертегілердің оқырманға берер тәрбиелік әрі көркемдік эстетикалық мәнін түсіндіру | ***Эстафеталық ойындар***<br>**«Дала және үй құстары»**<br>**Мақсаты:** балалардың зейінің дамыту,ұйымшылдықққа үйрету. | ***Желілі рөлді ойын***<br>«Сән ательесі»<br>**Мақсаты:** Балаларды еңбекті құрметтеуге, ұйымшылдыққа, достыққа, ізгілікке т.б. қасиеттерге тәрбиелеу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Хангелдіге «Табиғат құбылыстары» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың табиғат құбылыстары жөнінде түсініктерін нығайту. | **Үмітке Жеке жұмыс.**<br>Қыс келгенде, торғайым,<br>Үй алдына қон дәйім.<br>Ойна, жүгір, желкілде,<br>Тисем саған оңбаймын.<br>Мақсат-міндеттер: тақпақты жаттата отырып, балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру..<br>**(көркем әдебиет)** | **Айқынға** Қағаз бетінде бағдарлай білуді, апта күндерін, жыл мезгілдерін ретімен атау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Нұрсыйлаға "Бұл ұяда не тұрады?" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Арайлымға Дидактикалық ойын. «Бұл қай кезде болады?»**<br>Мақсат-міндеттер: жылдың төрт мезгілін бір-бірінен ажырата алу қабілеттерін дамыту.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге** | Мақсат-міндеттері: | | | | |

| | |
|---|---|
| **дайындық** | - киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Салтанатты жиынға дайындық. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қыс мезгілі тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Бала өміріндегі дәрумендердің маңызы" тақырыбында кеңес.<br>Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады". |

Тексерген: